**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 410, 411-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 410-қосымша

620 - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған "Табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеуді, бақылауды қамтамасыз ету және бәсекелестікті дамыту" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның Паспорты**

1. Құны: 865560 мың теңге (сегіз жүз алпыс бес миллион бес жүз алпыс мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Нормативтік құқықтық кесімдер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы (46-бап); "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңы ( 13, 14, 17, 18-баптар ); "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы (1-30-баптар); "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002

жылғы 16 мамырдағы Заңы (8-бап); "Қазақстан Республикасының кейбір заң кесімдеріне табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 26 желтоқсандағы Заңы ; 2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" 2003 жылғы 13 маусымдағы N 1107 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығы ; "Табиғи монополия субъектілерінің 2002-2004 жылдарға арналған тарифтік саясатын жетілдіру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысы ; Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 27 қаңтардағы N 16-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 6 ақпандағы N 2157 нөмірмен тіркелген "Табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) қарау және келісу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген функцияларды тиімді орындау үшін Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің орталық аппараты мен аумақтық органдар аппараттарының қызметін қамтамасыз ету, кәсіптік қызмет саласында білім беру бағдарламасы бойынша өзінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес теориялық және практикалық білімдерін, машықтары мен дағдыларын жаңарту және кәсіптік шеберлігін жетілдіру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің аппаратын ұстау; Агенттіктің, табиғи монополия субъектілерінің және тауар рыноктарында үстем жағдайға ие субъектілердің тиімді қызметіне тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға жәрдемдесетін қолданыстағы нормативтік құқықтық және нормативтік кесімдерді жетілдіру және жаңасын әзірлеу; табиғи монополия субъектілерінің техникалық және қаржылық жай-күйін бағалау; тауар рыноктарын талдау, уәкілетті орган бекіткен тарифтердің (бағалардың, алым ставкаларының) және тарифтік сметалардың деңгейіне сараптама жасау; жария тыңдаулар өткізу; мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін көтеру; Қазақстан Республикасының

Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі аппаратының материалдық-техникалық базасын нығайту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 001 | | | Табиғи моно. полия субъекті. лерінің қызметін реттеуді, бақылауды қамтамасыз ету және бәсеке. лестікті дамыту | |
| 2 | 001 | | Орталық ор. ганның аппа. раты | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелес. тікті қорғау жөніндегі агенттігінің орталық аппаратын штат саны - 165 бірлік лимитінің шегінде ұстау. Бекітілген тиесілілік нормативіне сәйкес 4 бірлік автокөлігін ұстау. Табиғи монополия субъектілерінің | Жыл ішінде 2004 жыл | Қазақстан Республи. касының Табиғи монополия. ларды рет. теу және бәсекелес. тікті қор. ғау жөнін. дегі агенттігі. |

қызметіне кем дегенде 20 сараптамалық бағалаулар жүргізу: табиғи монополияның мынадай салалары: энергетика, көлік, байланыс, су шаруашы. лығы және канализация жүйелері, труба құбырларымен тасымалдау бойынша тендерлік негізде тәуелсіз сарапшылар мен сараптау ұйымдарын тарту;
тәуелсіз сарапшылар мен сараптау ұйымдарының қызметтеріне ақы төлеу;
сараптау қорытын. дыларының уақытылы орындалуын бақылау.
Табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие субъектілердің қызметін реттейтін кем дегенде 13 нормативтік құқықтық және нормативтік кесімдерді әзірлеу және жетілдіру: тендерлік негізде

нормативтік құқықтық және нормативтік кесімдерді әзірлеу жөніндегі консультанттар белгілеу; консультанттардың қызметіне ақы төлеу; әзірленетін нормативтік құқықтық және нормативтік кесімдердің уақытылы орындалуын бақылау.

Тауар рыноктарына талдау, табиғи монополия субъектілерінің қызметіне қаржылық және техникалық сараптама жүргізу; тендерлік негізде сарапшылар белгілеу; тауар рыноктарына талдау жүргізу бойынша; қаржылық сараптама жүргізу бойынша - 30 қорытынды; техникалық сараптама жүргізу бойынша - 30 қорытынды; сарапшылардың қызметтеріне ақы төлеу; сарапшылардың аралық және түпкіліктті қорытындыларды уақытылы ұсынуын бақылау.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Кем дегенде 30 жария тыңдаулар ұйымдастыру және өткізу. | | |
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі аумақтық органдарының аппаратын штат саны - 408 бірлік лимит шегінде ұстау. Бекітілген тиесілілік нормативіне сәйкес 16 бірлік автокөлік жалдау. Жария тыңдаулар өткізу. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Біліктілікті көтерудің бекітілген жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру оның ішінде мемлекеттік тілді үйрену жөніндегі қызметтерді сатып алу. Біліктілікті арттыру курсынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны - 172 адам. | жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі |
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Агенттіктің орталық аппараты мен оның аумақтық органдары үшін кем дегенде 200 бірлік жиһаз сатып алу | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті |

қорғау жө.
ніндегі
агенттігі

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі қабылдайтын табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем жағдайға ие субъектілердің қызметін реттеу жөніндегі шешімдердің сапасы мен жеделдігін арттыру; кәсіби мемлекеттік қызметшінің талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік деңгейін осы заманғы экономикалық талаптарға сәйкес көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
411-қосымша

620 - Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Монополистер қызметінің мониторингі бойынша электрондық деректер базасын құру"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 104364 мың теңге (бір жүз төрт миллион үш жүз алпыс төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 16 наурыздағы Жарлығы ; "Табиғи монополия субъектілерінің 2002-2004 жылдарға арналған тарифтік саясатын жетілдіру бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Монополистердің қызметінің мониторингі бойынша деректердің ақпараттық базасын құру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие субъектілердің қызметтерін

автоматты түрде мониторингілеу үшін тетіктер мен деректер базасын жасау.
бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу.
ақпараттық базаны техникалық жарақтандыру.
әкімшілер мен жүйе пайдаланушыларды үйрету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Монополис. тер қызме. тінің мони. торингі бойынша электрон. дық дерек. тер база. сын құру | Монополистердің қызметі. нің мониторингі бойынша деректердің электрондық базасын жасау:<br>тендерлік негізде бағдарла. малық қамтамасыз етуді құру, енгізу жөнінде әзірлеушілерді тарту;<br>тендерлік негізде есептеу және оргтехникаларын сатып алу;<br>серверлер - 4 бірлік;<br>пайдаланушылардың жұмыс стансалары - 51 бірлік;<br>принтерлер - 14 бірлік;<br>сканерлер, плоттерлер - 9 бірлік;<br>белсенді желілік жабдық - 2 бірлік;<br>электр жабдықтары - 55 бірлік;<br>оргтехника - 7 бірлік. | Жыл ішінде | Қазақстан Республи. касының Табиғи монополия. ларды рет. теу және бәсекелес. тікті қор. ғау жөнін. дегі аген. ттігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Табиғи монополия субъектілері мен белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие субъектілер қызметтерінің бірыңғай электрондық деректер базасындағы көрсеткіштерінің жай-күйі мен серпіні туралы ақпарат ықпалдастығы;

Табиғи монополия субъектілерінің тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды орындауына және белгілі бір тауар рыногында үстем { монополиялық) жағдайға ие субъектілердің баға түзуіне жедел бақылау жасау;

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі қабылдайтын шешімдердің, тауар рыноктарын талдаудың, тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) және тарифтік сметалардың атқарылу сапасын арттыру.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК